

өткізген жоқ деп нық сеніммен айта аламыз. Осы жылдар ішінде адамдар Ұстаздың сіңірген еңбегіне деген ризашылықты есте сақтады.

Онда тарихтың өзін тыңдауға болады! «– бұл жолдарды Ғ.Қайырбеков Ыбырай Алтынсаринге арнады. Ал егер Герцен бүкіл Еуропаны «қоңырауға» шабыттандырған болса, онда Алтынсарин даланың «қоңырауы» болды. Ол бізден қаншалықты алыстаған сайын, бұл таза көктемді еске алатын адамдарға соғұрлым жақын әрі қымбат болады.

Бір кездері сөнбейтін білім отын жаққан данышпан рухы, халқымыздың жүрегіне нұр құйып, Ыбырай Алтынсариннің мәңгілік жарқыраған рухы бізді көлеңкелеп, шабыттандырып, күш пен үміт ұялатып, мектеп жүйесін өзгерту жолында толығымен шындыққа қол жеткізсін. Адамның бостандығы – тарихты жасаушы!

Уақыт дәлелдегендей, Ыбырай Алтынсариннің еңбегі зая кеткен жоқ. Біз осы күні жиналған біз осының дәлелі және айғақ ... Ұлы Ұстаз өзінің еңбек өмірін текке өткізген жоқ!

Әдебиеттер тізімі

1. **Антология педагогической мысли Казахстана.** [Текст] // Сост. Калиев С., Аюбай К. Алматы, 2012 – 129с.
2. **Кузьменко О.** «Нет, весь я не умру» [Текст] // «Ленинский путь» – 1991. – 20 июня. – С. 1-2.
3. **Каирбеков Г.** «Пусть дух его осеняет нас» [Текст] // «Учитель Казахстана» – 1991. – 31 октября. – С.1.
4. **Омарова К.** Ибрай Алтынсарин о воспитании. [Текст] // «Костанайские новости» – 2001. – 14 августа. – С.1.
5. **Шаяхметов А.** «Родник, утоляющий жажду» [Текст] // «Ленинский путь» – 1991. – 22 июня. – С.4.

УДК 82

«ЖЫЛЫМЫҚ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Акшабаева Л. М. – педагогика ғылымдарының магистрі, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті.

Мақалада «Жылымық» жылдарындағы әдебиеттану ғылымы талданады. Қазіргі қазақ әдебиеттануының да басты мақсаты «жылымық» жылдардағы рухани жаңғыру үрдісін ұлт руханиятындағы маңызы тұрғысынан саралау талабымен ұштасып жатыр. «Жылымық» жылдардағы рухани серпіліс пен сілкініс түрлі буындағы әдебиетші, қаламгерлердің кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйенің қысымына қарсы бағытталған санаткерлік күштерін оятты. Сондықтан оны бүгінгі тәуелсіздіктің рухани арнадағы алғышарттарының басты да негізгі қозғаушы күштерінің бірі деуге толық негіз бар.

Кілт сөздер: «Жылымық», ұлттық әдебиеттану, ғылым, халық мұрасы, қаламгер, қазақ әдебиеті.

Сталинизм зардабы саяси жүйе тарапынан алғаш ресми айыптала басталған кезең кешегі кеңес тарихы мен әдебиеттануында «жылымық» деген атаумен өзіндік із қалдырды. Посткеңестік елдер соның ішінде қазіргі орыс әдебиетшілері «жылымық» кезеңнің сипатын, негізгі ерекшелігін Сталиннің жеке басына табынушылық әшкерленген 1956 жылғы КОКП XX съезі және табыну қалдықтарын жою туралы ОК қаулысымен сабақтастырып: «Жылымық» – әдебиеттің өзіндік әлемін тазартуының бастауы» [1, 303], – деген тұрғыдан зерделейді.

Қазіргі қазақ әдебиеттануының да басты мақсаты «жылымық» жылдардағы рухани жаңғыру үрдісін ұлт руханиятындағы маңызы тұрғысынан саралау талабымен ұштасып жатыр. Р.Бердібаев: «...Жеке адамға табынушылықты сынау – социализмнің ел құрандай сеніп келген беделіне жарықшақ түсірді» [6, 124], С.Қирабаев: «Әдебиет дамуы жайындағы кейбір жалған теориялар, оның ішінде «тар-тыссыздық», «уақыт дистанциясы», «шындықтың сыртын жылтыратып бейнелеу» сияқты ұғымдар сынға ұшырады. Жазушылардың өмірмен байланысын арттыру мәселесі көтерілді, творчестволық ынталыққа жол ашылып, қаламгерге деген сенімсіздік азайды» [3, 101-102], – деген тұжырымдар жасайды. Ал Ш. Елеукенов: «1956 жылғы КОКП XX съезінің Сталин культін әшкерлегеннен бергі жерде қоғамның әлеуметтік-саяси бағыт-бағдары күрт өзгеріске ұшырады» [2,5], – деп түйді. Сондықтан «жылымық» барша қазақ зиялыларынан ұлттық әдебиеттануды саяси қысымға негізделген қасаң қағидаларынан арылтудың бағыт-бағдарын айқындау жолында азаматтық батылдықты талап етті. Бұл ретте жеке басқа табынушылық зардаптары Қазақстан жазушыларының III съезінде [3-8.09.1954] алғаш келелі тақырыпқа негіз етіп алынды. Сол кездегі ҚК ОК бірінші хатшысы П.К.Поно-

маренко жазушылар съезінде сөйлеген сөзінде қоғамдық өмірде орын алған идеологиялық қысымнан зардап шеккен дарындардың тағдыр-талайына барша зиялы қауым назарын аударды [4, 7].

Жазушылар съезін ашардағы сөзінде М.Әуезов өнердің өз табиғатынан туындайтын басты көркемдік қасиеттерін терең байыптайтын шығармашылық ізденістерге шақырса [5, 57], Ғ.Мұстафин баяндамасында әдебиет тарихын зерттеу, көркем туындыларды сын тезіне салуда орын алып отырған басты кемшіліктер батыл көтерілді. Қаламгер: «Сын шоқпары тимеген басты жазушы кемде-кем. Бүгінгі табысымыз делінген одақтық аренаға шыққан шығармалардың да соққыға ұшырамағаны некен-саяқ. Әдебиетіміздің мақтаншы болып отырған «Абай» сияқты романдарымызды «Қаз. Правда» тіпті құртқысы келді. Бұның бәрі «сын» деген қасиетті атпен істелді. Басшыларымыз қой деудің орынына, қошеметтеп отырды» [5, 79], – деген көзқарасымен қазақтың рухани әлемін шарпыған саяси зобалаңның зардабына үңілдірді.

Сонымен бірге әдебиет, көркемөнер қызметкерлері мәжілісінде, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасы пленумында XX съезд қорытындылары, әдебиет пен көркемөнер қызметкерлерінің міндеттері, аталған съезд қарарларына сәйкес қазақ поэзиясы жайының байыпталуы рухани өмірдегі игі қадамдары болатын. «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» басылымдарында ұлт әдебиеті мен мәдениетінің ділгір мәселелеріне қатысты қазақ әдебиетшілерінің аға буынынан бастап кейінгі толқынның азаматтық ұстанымдарына сай туындаған мақалалары «жылымық» кезең рухына сай үн көтеріп, руханият әлемінде қордаланған мәселелерді әлеумет талқысына салуымен қоғамдық ой-пікірге қозғаушы күш берді.

Проблемалық мақалаларда ұлттық қасиеттің басты өлшемі ана тілінің мүшкіл жай-күйі, елдік сананың тарихи тұнығы әдебиеттің зерттелуі мен классикалық мұраның игерілуіндегі басты олқылықтар, көркемдік және эстетикалық таным зердесі сында орын алған қателіктер табиғаты, ұлт зиялыларының ел алдында өтелуі тиіс парызы талқыға салынды.

«Жылымық» – қазақ қоғамында ұрпақтар арасындағы үзілген рухани арнадағы тарихи сабақтастықты қалпына келтіру талабындағы талпынысымен де өзіндік із қалдырды. Қазақ елі үшін маңызды мәселедегі зиялы қауымның өтелмеген парызын халықтық деңгейде жаңғыртқан Б. Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз (Қаза тапқан ақын, жазушылар жайында)» мақаласы Алаш рухындағы тұлғаның кешегі отаншыл арыстар аманатына деген адалдығын танытты [6]. Міне, «жылымықтың» алғашқы кезеңіндегі руханият өзегіне қатысты мақалаларда осындай келелі мәселелер өткір көтеріліп, ділгір тақырыптар арнасы айқындалды. Алайда елдікті еселеуге соны серпін беретін ұлттық мұраттағы әлеуметтік мақсаты айқын азат ой кеңестік идеология тарапынан барынша тежеліп отырды. ҚКП ОК-нің ««Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулысы қабылданып, қазақ зиялыларының халықтың көкейіндегі елдікпен тамырлас тақырыптарды батыл жазуларына «ұлтшылдық» таңба басылды. «Социалистік Қазақстан» газетіндегі «Бір зиянды мақала туралы» жарияланымда Р.Бердібаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» мақаласы «ғылыми негізсіз, саяси қате, біздің идеологиямызға жат» деп сынға алынды. «Қазақ әдебиеті» газетінде Р.Бердібайдың, оны қолдап мақала жазған қазақтың бір топ зиялыларының «ұлтшылдық көзқарасын» айыптаған «Әділ сын – алғы міндеттер», «Ұшқары пікірлер, елеулі қателер» мақалалар жарық көрді [7, 350]. Қазақстан Жазушылары Одағының бастауыш партия ұйымында ғалым мәселесі қаралып, қызметтен алынды, саяси сенімсіздік білдірілді. Қазақ мәдениетіне жаны ашып, қолына қалам алғандардың көбі жұмысынан қуылды, идеология майданынан аластатылды [8, 8].

Рухани өмірге «жылымық» дарытқан игі ықпал тұрпайы социологизм сынына алынған туындыларды эстетикалық талдау, әдебиет тарихын қайта қарау, классикалық мұраны ғылыми-зерттеушілік таным таразысына салу талпыныстарын ұштады. Оның алғашқы қадамы «Абай» романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы» тақырыбындағы шығармашылық конференция барысында жасалды. Баяндамашы М.Қаратаев М.Әуезовтің «Абай жолын» ұлттық сөз өнеріндегі тұңғыш эпопея екенін әдеби-теориялық талдаулары арқылы дәлелдеп, көркемдік үрдістегі классикалық соны туынды болып табылатынын айқындап берді. «Мұндай бір желіге құрылған төрт томды кесек шығарманың тууы қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған әрі соны, әрі саңлақты тамаша табыс екенінде, бәріміз болып қуанарлық, мақтанш етіп сүйсінерлік зор оқиға екенінде енді ешкімнің күдік-күмәні жоқ болу керек. Мен осы пікірді баса айтқым келеді. Неге десеміз, бұл – шын сезім. Көптің көкірегіндегі сезім. Мұнда лепіру де, даурығу да жоқ. Туған қазақ совет әдебиетінің кем-кетігіне күйінбейтін, жетістігіне сүйсінбейтін самарқау, салқын қанды ілуде біреу болмаса, мұндай табысқа тебіренбейтін совет оқушысы табылмас деймін» – деген эстетикалық танымға, көркемдік талғамға қуат берер бағасымен аталған шығарманы талдауда көрініс берген Әсіре саясатшыл секемдіктен қол үзу қажеттігін ой елегінен өткізді. Ал Т.Нұр-талин туындыдағы Құнанбай және Құнанбай типтес «жағымсыз образдардың» қайшылықты табиғатын реализм биігінде берудегі суреткер шеберлігіне тоқталып, осынау келелі тақырыпты: «күн тәртібіне қоятын, әдеби-эстетикалық батылдығымен кең толғап шешетін уақыт жетті. Арпалыста, алыс-жұлысты, айтыс-тартыстардың боранды дауылдары өтті-кетті, көкжиек айқындалып шықты. Қазір әркім өз топшылағанын ортаға салып, кеңінен отырып пікір түйер мезгіл туғанын» байыптады. Эпопеядағы Абай дәуірін саралаған А.Нұрқатов «жазушы геройының «жан диалектикасын» шынайы әрі мол аша алғанын» [9, 144] бағалады.

Аталған шығармашылық шара барысындағы көркемдік-эстетикалық талдаулар әдебиетші, сыншылардың ғылыми таным-білігіндегі күрделі өзгерісті аңғартумен қатар, ұлттық әдебиеттанудың тұрпайы социологизм салқынынан арылудағы ізденіс өрісінің дұрыс бағдарын танытты.

Әдебиетшілер 1950 жылдар басында қазақ эпосына қатысты туындаған нигилистік танымдағы қателіктерді «жылымық» рухына сай түзетуге бағыт ала отырып, идеологиялық қысымдағы халық мұрасын жариялау, байыпты зерттеуде батыл қадамдар жасады. «Арнайы тыйым салынбаған кез келген мәселені шын мәнінде халық пайдасына, ұлт мәдениетінің үлесіне жатқызуға әрекеттенді». Соның барысында фольклорист ғалымдар қажыр-қайратымен жеті кітаптан тұратын «Қазақ эпосы» (1957) сериясымен «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сынды жырлар алғы сөз, соңғы сөз және түсініктерімен жарық көрді.

Е.Ысмайылов «Ақындар», М.Әуезов (Е. Ысмайыловпен бірге) «Ертегілер», Б.Кенжебаев, К.Шәменов «1916 жылғы көтеріліс жырлары туралы», М.Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», Қ.Жұмалиев «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері», Ә.Қоңыратбаев «Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы», М.Байділдаев «Ақындар творчествосы (Сыр бойы ақындарының әдеби мұрасы жайында)» еңбектерімен әдеби мұраны игеру, зерттеуде орын алған басты олқылықтардан арылтуға күш салды.

Халық мұрасымен қатар қазақ әдебиеті тарихының түйінді арнасын құрайтын Абайдың классикалық мұрасын, шығармашылығын зерттеуде жіберілген басты олқылықтарды ғылыми негізді түзету дәуір талабынан туындаған зәруліктін. Сондықтан Абай шығармашылығының тұтас қазақ руханиятындағы әдеби-тарихи маңызын объективті тануға барынша кедергі жасап келген тұрпайы социологизмге байлаулы ғылыми танымды қате көзқарастардан арылту мейлінше қажетті. Осы түйінді мәселедегі рухани серпіліс өзегі Абай мұрасы болып қала беретінін, әрі оны саяси өктемдік өз биігінен шайқалта алмайтынын ақын шығармашылығына орай бір ғана 1954 жылы 600-ден астам мақала, зерттеу еңбектің жазылуы дәлелдейді. Осы жағынан алғанда, М.Әуезов ыждахаттылығымен ақынның ғылыми өмірбаяны толықтырылып, Абай шығармаларының 1957 жылғы екі томдық жаңа басылымында жариялануы да абайтануды жаңа биікке көтеру талабынан туындап жатқан игі талпыныстар болатын. Ғалымның «Әр жылдар ойлары» кітабына енген ақын өмірі, шығармашылығына арналған монографиялық тарау маңызы – абайтанудағы соны зерттеушілік қадам әрі осы бағыттағы ғылыми ізденістер өзегін негіздей түсуінде. Соның ішінде ақынның ғылыми өмірбаянын жасау, поэзиясының көркемдік әлемін саралау, өлеңдерінің канондық мәтінін түзу, толықтыру сынды келелі мәселелер шешімін тауып, абайтанудағы кемел істердің бағыт-бағдары барынша айқындалды.

З.Ахметовтің «Лермонтов и Абай», Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздері», М.Сильченконың «Творческая биография Абая», Қ.Өмірәлиевтің «Абайдың нақыл сөздері, афоризмдері», Ә.Жиреншиннің «Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары», Қ.Мұхаметхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында», Қ.Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» еңбектері ақынның сан қырлы мұрасының монографиялық зерттеулер өзегіне алынуы барысында абайтанудың әдебиеттанудағы іргелі ілімге ұласа бастауын айқындады.

ҚК ОК «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулысында: «Қазақ халқының өткендегі мәдениет мұрасының көп жақтары әлі де жиналмай және зерттелмей қалып отыр. Қазақ мәдениеті мен искусствосының көптеген аса көрнекті қайраткерлерінің шығармалары мен творчестволық өмірбаяны оқушылардың қалың топтары үшін мәлім болмай келгені» баса көрсетіліп, әдеби мұра мәселесін талқыға салатын конференция өткізу аталды. Міне, қаулы әдебиетшілерге қазақ әдебиетінің тарихын толықтыра отырып жаңаша зерттеу міндеттерін жүктеді. Бұл нұсқау идеологиялық талапты алға тартқанымен, XIX және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті өкілдері шығармашылығын зерттеу ісін жандандыра түсті.

Одақ көлемінде, соның ішінде орыс әдебиетіндегі шығармашылықтарына тыйым салынып келген кейбір ақын-жазушылар мұрасын қайта қараудағы игі қадамдар үрдісінен қазақ әдебиетшілері тыс қалмауға тырысты. Ә.Қоңыратбаевтың «Шолпанның ақындығы», Б.Кенжебаевтың «Журналист Мұхаметжан Сералин», «Сұлтанмахмұт Торайғыров. Өмірі мен творчествосы», «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары», Б.Шалабаевтың «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа», «Очерки истории казахской дореволюционной литературы», Х.Сүйіншәлиев, Б.Сахариев, Ә.Дербісалиндердің «XIX ғасыр қазақ әдебиеті», Ә. Дербісалиннің «Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы», Ә. Жиреншиннің «Ыбырай Алтынсарин», Қ. Мұхаметхановтың «Мағауия Абайұлы Құнанбаев», С.Қирабаевтың «Спандияр Көбеев», Т.Әбдірахмановтың «Бекет Өтетілеуов және орыс әдебиетін қазақ тіліне аудару дәстүрі» еңбектері күрделі кезеңдердегі әдебиет тарихын, оның көрнекті тұлғаларын көркемдік даму үрдісімен бірлікте қарастыру талабынан туған игі ізденістер еді. Бұл жерде ұлттық рухтағы азаттық мұраты айқын отаршылдық және ұлттық ояну дәуірлеріне тән әдеби бағыттар табиғатын қарастыруды идеологиялық қысым барынша тежеп отырғанын ескерсек, «ұлтшылдық әдебиет» өкілдері С.Торайғыров, М.Сералин сынды ақын-жазушылар мұрасының әдебиеттану ғылымында нақты зерттеу нысанасына алынуының өзін үлкен жетістік деп бағалауымыз керек. Алайда 1958 жылы КСРО Прокуратурасы, 1960 жылы Түркістан әскери округінің әскери трибу-

налының алқасы шешімдерімен Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабайұлы ресми тұрғыдан алғаш ақталғанымен, Алаш арыстарының мұрасын рухани өмірге түпкілікті сіңірудегі талпыныстар оң нәтиже бермеді. Оның салқыны белгілі бір дәрежеде қазақ зиялыларының ортақ ұстанымдағы пікір қайшылығынан өрбіп жатқанымен, Қазақстанның сол кездегі идеологиялық басшылары тоталитарлық жүйенің қалыпты шеңберінен асап кете алмауы басты кедергі болды. Оны Ш.Елеуеновтің: «1988 жылдың аяғына дейін Мағжан шығармалары кітап ГУЛАГЫ дейтінің қапасынан шығарылмады. Шығарылмасын деген Қазақстан Жазушылар одағының Ө.Тәжібаев бастаған комиссиясының ұйғарымы болатын. Алайда бұл әділетсіздік үшін тек комиссияны жазықты етсек, шындыққа және бір қиянат жасар едік. Кеңес кезінде қандай да саяси-идеологиялық шешім жоғары партия органдарынсыз қабылданбайтын. Сол тараптан комиссияға тиісті нұсқау берілгені, барынша қысым жасалғаны еш күмәнсіз» [7, 146], – деген пікірі дәлелдей түседі.

Ұлттық әдебиеттануға дәуір талабы жүктеген келелі міндеттер мейлінше мол еді. Хандық дәуір, XIX және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында «ақтаңдақтар» күйінде қалып қойған өзекті тақырыптарды атамағанда «жылымық» жылдардың игі әсерімен С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин мұраларының туған халқына оралуы кеңес әдебиеті тарихының алғашқы күрделі кезеңдерін қайта жазу талабын жүктеді. Е.Ысмайыловтың «Революционер ақын» (1958), «Сәкен Сейфуллин. (Өмірі мен творчествосы)», С.Қирабаевтың «Сәкен Сейфуллин», М.Қаратаевтың «Ілияс Жансүгіров» оқу құралдары, М.Қаратаевтың «Мұхтар Әуезов», М.Сильченко, Н.Смирнованың «Творческий путь Ауэзова», Е.Лизунова, Ы.Дүйсенбаевтың «Мухтар Ауэзов», А.Нұрқатовтың «Мұхтар Әуезов», «С.Мұқановтың өмірі мен творчествосы», «Ф.Мұстафиннің творчествосы», Т.Ахтановтың «Ғабит Мүсірепов», С.Сейітовтің «Ғабит Мүсірепов», С.Қирабаевтың «Ғабиден Мұстафин», Ә.Жиреншиннің «Бейімбет Майлин», «Ілияс Жансүгіров» сынды монографиялық, әдеби сын, библиографиялық очерктері сипатындағы еңбектері осы бағыттағы зерттеулердің уақыт бедерінде үзілген желісін қалпына келтіре отырып, аталған сөз зергерлерінің шығармашылығын әдеби даму арнасында байыпты саралаудың бастапқы арнасын қалады.

1958 жылы жарық көрген «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» уақытпен үндес зерттеу болуымен қатар қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылар Сәкен, Бейімбет, Ілияс шығармашылығының алғаш жеке монографиялық тарауларда талдануымен құнды. «Қазақ совет әдебиеті – Ұлы Октябрь революциясының жемісі, соның нәтижесі. Социалистік әдебиет – ұлы Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы орнатқан социалистік мемлекеттің әдебиеті» [10, 9] екенін теориялық негіздеп, әдебиеттің таптық, партиялық қағидаларын ғылыми тереңдеткен еңбек қазақ кеңес әдебиеті дамуының алғашқы кезеңінен бастап кейінгі өркендеу жолдарын нақты қарастыруымен де әдебиеттану белесіндегі өз міндетін атқарды. Бүгінгі күн биігінен алғанда очеркте қамтылған он үш (Ж.Жабаев, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ф.Мүсірепов, Ф.Мұстафин, А.Тоқмағанбетов, Ө.Тәжібаев, Т.Жароков, Ф.Орманов, Қ.Аманжолов) қаламгердің шығармашылық портретін жан-жақты сомдау, туындыларын талдау үстіртіктерінің немесе зерттеу нысанынан тыс қалған идеологиялық қысымдағы құнды мұраларының болуы заңды. Оған аталған еңбектің «Мұхтар Әуезов» (А.Нұрқатов), «Қасым Аманжолов» (Т.Әлімқұлов), «Әбділдә Тәжібаев» (М.Дүйсенов) тарауларындағы төмендегі пікірлерді мысалға ала отырып көз жеткізуге болады: «Жиырмасыншы жылдарда М.Әуезов көптеген шағын әңгімелермен бірге кесек, көлемді шығармалар жазуға да талаптанады. Бірақ оның бұл тұстағы шығармаларының басым көпшілігі («Қаракөз», «Хан Кене» сияқты пьесалары мен «Қилы заман» атты повесі) мол қайшылықта жазылған еді. «Хан Кене» пьесасында халықтың жауы, қанқұйлы Кенесары дәріптелсе, «Қилы заман» повесінде қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы теріс тұрғыдан бағаланады», «...Ұлы орыс жерінсіз Сарыарқа сәнді өмір сүре алмайтыны ақын қиялынан тыс қалып қояды», «Біз де қазақпыз» деп дауыстаған қазақтардың қай таптың өкілдері екені де белгісіз, әйтеуір бір қазақ болып суреттеледі, осыдан барып қатерге ұрынады...Ө.Тәжібаев батыс символистері сияқты әлеуметтік қоғамды адам өмірімен байланыстырмай, керітартпа символизм үлгісіне, буржуазияшыл-ұлтшыл бағытқа келіп килікті» [10, 414]. Тұтастай алғанда, очеркті қазақ кеңес әдебиеті тарихының 1920-50 жылдар аралығын дәуір талабына орай қарастырудағы ізденістердің алғашқы жемісі деп қарауға болады.

Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференция сан жылдар бойы әдебиеттануда жинақталған өзекті түйіндерін арнайы талқылау тұрғысынан елеулі мәндегі қадамдардың бірі еді. Бүгінгі зерттеушілік ой-пікірдегі аталған конференцияның сол кездегі маңызына байланысты: «Қазақ халқының бай фольклорлық және тарихи, әдеби мұрасын түгелдей ұлттық мүдде тұрғысынан әділ бағалауға көтеріле алмағанымен, бұл конференция бұрынғы асыра сілтеулерден арылу, әдебиеттің халықтығын анықтау саласында едәуір ілгері басқандықты көрсетті» [3, 102-103], – деген орынды тұжырымды айта отырып, оның қорытындысында қабылданған идеологиялық талаптағы ұсыныстар рухани құндылықтарды елдік арнамен түбегейлі орайлас шешуге тосқауыл қойғанын баса көрсету қажет. Шортанбай мұрасына: «...Хандық дәуірді мадақтайды, шығармаларында ислам дінінің идеяларын уағыздайды... Бұл сияқты ақындардың творчествосына жоғары мектептің программаларында орын беріліп, негізінде ағартушылық, халықтық бағыттағы әдебиеттің осындай керітартпа ақындармен күрес үстінде дамығанын көрсету үшін аталуы керек» [12, 372], Дулат пен Мұрат шығармашылығына: «Жоғары мектепте сол кездегі тарихи-әдеби процестің күрделі

сипатын, әдебиеттің қандай қайшылық жағдайда дамығанын талдап көрсету мақсатымен аталуы тиіс. Жалпы білім беретін мектептердің ерекшелігін еске ала отырып, бұл ақындардың творчествосын орта мектепте оқыту қажетсіз деп саналсын» [12, 372], – деген саяси талаптағы үкім шығарылды. Ал ХХ ғасыр басындағы тұтас Алаш қалам қайраткерлерінің көркемдік үрдістегі әдеби-тарихи маңызы таза атаусыз қалды. Тіпті сол уақыт өлшемімен алғандағы «ұлтшылдық» әдебиеттің «идеялық қателігі» деп табылған қайшылығын көрсетудің өзі мүлдем ескерілмеді.

Конференция ұсынысында: «Жаңа жағдайда феодалдық діни идеяларды уағыздаған Әубәкір Кердері, Нұржан Наушабаев тағы сол сияқты бір топ ақынның творчествосы сын көзімен қаралып, ағартушы демократтарға қарсы қою тұрғысынан баяндалуы шарт. Олардың шығармалары жоғарғы мектепте өтіліп, ал орта мектепте оқылуы қажетсіз деп саналсын» [11, 373], «бұл кезеңдегі Мақыш Қалтаев, Шәкәрім Құдайбердин, Омар Қарашев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларының идеялық мазмұны мен бағытын айқындау қажеттігі» [11, 373] ғана аталды. Мұндай саяси сипаттағы біржақты нұсқаулар «жылымық» бедеріндегі ұлттық әдебиеттануды тығырыққа тіреумен болды. Сол себепті С.Қасқабасов атап өткеніндей, «Ең өкініштісі – осы ұсыныстардың зардабы оның аумағынан әлдеқайда асып кетуі еді. Тек Шортанбай, Дулат, Мұраттарға ғана қатысты емес, күллі әдебиет тарихы мен фольклорға байланысты жәдігерлер мен шығармалар, олар жайындағы зерттеулер қатал цензураға ұшырады».

Әдебиеттер тізімі:

1. **Русская литература XX века.** В 2 ч. Ч. 2. Очерки. Портреты. Эссе. – Москва: Просвещение, 1994. – 383 с.
2. **Елеуқенов Ш.** Ғасырлармен сырласу. – Астана: Елорда, 2004. – 482 б.
3. **Қирабаев С.** Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003. – 224 б.
4. **Сүлейменов О.** Мұхтар Әуезов туралы сөз // Жұлдыз. – 1997. №1. Б. – 3-10.
5. **Әдеби өмір шежіресі /** Құрастырған – Ә.Нарымбетов. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2005. – 488 б.
6. **Кенжебаев Б.** Өтелмеген парыз (қазақ тапқан ақын-жазушылар жайында) // Қазақ әдебиеті. – 1957. – 25 январь.
7. **Ысқақұлы Д.** Сын талқы. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2005. – 416 б.
8. **Кәкішұлы Т.** Мерей. Ғылыми-библиографиялық жинақ. Екі томдық. / Құраст.: К. Ахмет, А. Жүсіпова, М. Бегманова; Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2002. – 2 т. – 508 б.
9. **Қазақтың тұңғыш эпопеясы** (Мұхтар Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы 1957 жылы март айында болған творчестволық конференцияның материалдары). – Алматы: ҚМКӘБ, 1957. – 180 б.
10. **Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі.** – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1958. – 512 б.
11. **Әдеби мұра және оны зерттеу.** Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1961. – 376 б.
12. **Үш ғасыр жырлайды** (Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары). Құрастырған және алғы сөзін жазған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1965. – 322 б.

ӘОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ КӨРКЕМ ОБРАЗЫН ЖАСАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

Ақыш Н. – жазушы, ф.ғ.д., М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері.

Мақалада Ыбырай Алтынсарин шын мәнінде қазақ жазба әдебиетінің, оның ішінде қазақ прозасының бастауында тұрған ірі рухани тұлға екені айтылады. Прозаны жай ғана жазып қоймай, оның эстетикалық болмысын жете түсіне отырып, көркемдікпен көмкеріп, келістіріп жаза білген талант иесі екендігі көрсетіледі.

Түйінді сөздер: шығарма, ағартушы, ұлы тұлға.

Ы.Алтынсарин туынжыларын алғаш рет мектепте жүрген кезімізде оқып, санамызға сіңіріп, сезім елегінен өтікізіп өстік, солардың эстетикалық қуатымен тәрбиелендік. Әкем қойшылар отырмайтын жаз айларында колхоз орталығына бірер шақырым жерде тау баурайына орналасқан Қайырбай бұлақ қыстауында қорықшы болып жүрді. Қайырбай бұлағының бастау көзі де сол арада. Суы тастай суық, мөлдір. Сол бұлақтың басына келген сайын Ыбырай атамның «Таза бұлақ» әңгімесі есіме түсетін. Жадымда берік қалып қойған – «Болсаң, осы бұлақтай бол» деп жазылған сөз үшін үш адамның таласы. Есейген сайын ол кісінің шығармаларын қайталап оқудан жалықпаушы едім.